

ТІЛСІЗ ЖАУҒА ҚАРСЫ КҮРЕС

Атырау мұнай өңдеу зауыты су тасқыны орын алуы мүмкін деген жағдайды ести сала өз тарапынан жасалуы қажет жұмыстарға жұмыла кірісіп кетті. АМӨЗ жұмылдыру жасағы Қайыршақты ауылдық округінің Томарлы (Теңдік) елді мекені тұсындағы, булану алқабының маңындағы бөгеттерді нығайту, Жайық өзенінің жағасын көтеру жұмыстарын қолға алған болатын. Сонымен қатар зауыт аумағы мен су алу қондырғысының айналасын қорғауды да іске асырды.



Итоги производственной
деятельности

2



«Жаңа қондырғы
іске қосылды»

4

ӨНДІРІС

МТҚ іске қосу жұмыстары жүргізілуде

2019 жылдан бастап АМӨЗ-де тазарту қондырғысының тиімділігін арттыруға және қаладағы экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған Tazalyq жобасы іске асырылуда. Ескі механикалық тазарту қондырғыларын (МТҚ) жаңғыртудан басқа, жоба нормативті тазартылған ағынды сулардың арнасын қайта құруды және булану өрістерінің бір бөлігін қалпына келтіруді қарастырады. Жобаны іске асыру нәтижесінде биологиялық тазарту қондырғысына (БТҚ) жіберілетін сарқынды судың құрамындағы мұнай қалдықтарын рұқсат етілген нормативіне қол жеткізіледі деп күтілуде. Жоба Еуропалық қайта құру және даму банкінің қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылуда.

Осыған дейін жұмыс барысында құрамында мұнай қалдықтары бар шламды сақтайтын апаттық амбар иістердің таралуына жол бермейтін аспалы конструкциямен жабылған болатын. Және де мұнай шламының иістерінің көзі болып табылатын бес ашық бассейн жойылды. Бүгінде мұнай шламы айына 11 186 тонна мөлшерінде өңделеді.

Қазіргі таңда АМӨЗ механикалық тазарту қондырғыларын реконструкциялау жобасының II кезеңін іске қосу-баптау жұмыстары жүреді.

«Бұл кезең аясында ағынды суларды орташалау резервуарлары, сорғы станция ғимараттары, өзін-өзі шайғыш сүзгілер мен флотация блоктары салынған болатын. Қазіргі кезде қашықтықтан басқару, технологиялық

қорғау мен бұзаттау, сондай-ақ автоматты өрт дабылы жүйелерін баптау жұмыстары жалғасуда. Желдету және түтінге қарсы қорғау жүйелерінің жұмыстары тексеріліп, технологиялық, электротехникалық және бақылау-өлшеу аспаптары сынақтан өтіп жатыр», - деп түсіндірді күрделі құрылыс бөлімінің бастығы Алмат Мутиев.

Реконструкциялау нәтижесінде механикалық тазарту қондырғыларының өнімділігі 2 есе артпақ. Тазартылған судың бір бөлігі зауыттың өндірістік қажетіне жұмсалып, Жайық өзенінің суын пайдалану көлемі 9%-ға азаяды. Іске қосу-баптау жұмыстары сәуір айында аяқталады деп күтілуде. Екінші кезеңді іске қосу мамыр айына жоспарланған.

ЦИФРЫ

Итоги производственной деятельности за I квартал 2024 года



За март

При плане переработке 501 560 тыс. тонн согласно производственной программе, переработано 506 221 тыс. тонн. Выполнение плана – 101%.

Глубина переработки при плане 81,9%, фактически составила 85,5%.

Доля светлых нефтепродуктов от общего объема переработки сырья при плане 66,1%, фактически составила 68,1%.

План по производству выполнен: автобензины на 108%;

дизельное топливо на 103%; авиатопливо на 130%; бензол на 104%; сжиженный газ на 114%.

За I квартал

При плане переработке 1 424 760 тонн фактически переработано сырья 1 426 053 тонны сырья, выполнение плана на 100%.

План по выпуску бензина выполнен на 97%; дизельного топлива на 103%; авиационного топлива на 134%; сжиженного газа на 113%.

МАҢЫЗДЫ

Тілсіз жауға қарсы күрес



АМӨЗ аумағындағы факелді қондырғылар жағынан, бұрынғы химия зауыты тұсынан және қала жақтан бөгеттер тұрғызылды.



Су алу қондырғысында да жұмыстар қарқынды жүргізілді. Ауысым бойынша қызмет атқаратын жандардың жұмыс кестесіне өзгеріс енді. Олай дейтін себебіміз, демалатын уақыттарын құм толтырылған қапшықтармен 1 метр 80 см болатын аумаққа қорғаныш дамбаларын жасауға арнады. Келіп жатырған су өте лас болып табылғандықтан және зауытқа таза су берілу керектігін ескере отырып сүңгуірлер 8 метр тереңдікке дейін түсіп, суды тазалау жұмыстарын да қатар атқарды.



Геолог, Томарлы елді мекенінде Бекіре зауыты жағынан бөгет салу және биіктігін 7 метрге дейін көтеру жұмыстары сәтті аяқталды. Жалпы ұзындығы 600 м құрайтын аумаққа бөгеттер салынды.



Соколок каналының маңы, булану алаңдарының аймағында 660 метрге бөгет тұрғызу жұмыстары толықтай аяқталды. Бұдан бөлек 925 метрлік жаңа бөгет салынды.

Су тасқынына қарсы іс-шараларға «АМӨЗ» ЖШС мен мердігер компаниялардың 250-ден астам қызметкерлері мен 46 арнайы техника жұмылдырылды.

Сонымен қоса зауыттан полиэтиленді пленкалар, қапшықтар мен жіптер бөлініп, құм толтырылған қапшықтармен бөгеттер нығайтылды.

Зауыттықтар кезекпен-кезек су тасқынынан қорғану мақсатында белгіленген жерлерге барып көмектерін көрсетті.

Осы тұста ел басына күн туғанда бір

жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген зауыттықтардың бірлігі де көпке үлгі. «Күшіміз – бірлікте» деген сөзге тікелей үлгі бола білген рухы мықты қызметкерлердің еңбегі ұшақ теңіз.

Барлық бірлесіп атқарылған жұмыстарға «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Мағзұм МЫРЗАҒАЛИЕВ оң бағасын берді. Ол қызметкерлерге Атырау қаласына жұмыс сапары кезінде АМӨЗ-дегі жағдаймен және су тасқынына қарсы – іс шаралардың барысымен танысу аясында бірқатар тапсырмалар жүктеді.

ДИНАСТИИ

Как появляются трудовые династии и почему люди чувствуют себя надежно, всей семьей работая на одном производстве, нам рассказала машинист технологических насосов цеха водопотребления Гульсим АЙТБАЕВА.

— Началось с Кусаина УРЫМБАСАРОВА, самого старшего нашего дяди. Самым первым на завод устроился он, в 1981 году, на пенсию ушел в 2021-м. Мой дядя прошел долгий путь от оператора до начальника производства, — рассказывает Гульсим.

Действительно, принятый на работу в цех №1 оператором 4 разряда, поднимаясь по карьерной лестнице Кусаин Мауисович не шёл по головам, а рассчитывал только на свои знания, приобретенные в процессе работы, и только через 14 лет труда, с 1995 года, стал «расти». Он был заместителем начальника цеха №1 и ППНГО, начальником цехов №1, 8, установки ЭЛОУ-АТ-2 и производства ТНив, руководил на ППНГО, на пенсию ушел с должности старшего операционного координатора.

— Дядя всю свою душу в работу вкладывал. А в настоящее время на АНПЗ, кроме меня, на разных производствах работает в общей сложности 10 мужчин из нашей семьи, — говорит Гульсим.

Берикалий Мауисович Урымбасаров, младший брат Кусаина, работает с 1986 года, он — оператор технологической установки АТ-2 ППНГО.

Серик Мауисович Урымбасаров, второй младший брат, — машинист технологических насосов на эстакаде слива нефти и налива нефтепродуктов ПНН, там он трудится с 1994 года.

Сыновья Кусаина ага — **Тлек и Нурболат** — аппаратчик очистки сточных вод на БОС и машинист технологических насосов на водоблоке в цехе водопотребления, работают с 2009 и 2007 года соответственно.

Нуржан Урымбасаров — сын Серика — работает оператором на эстакаде налива ароматических углеводородов ПИТН. Сын Берикалия — **Нурберген Мауисов** — инженер-технолог, с 2018 года работает на ПАУ. **Ержан Урымбасаров** — второй сын Серика — закончил Прикаспийский современный колледж, учился на техника-программиста, а затем поступил в АУНИГ, по-

Всё оттуда берёт разбег



лучил специальность «автоматизация и управление». В КИПиА пришел в 2018-м году, работал в IQS, а в 2023-м стал начальником участка №4 в цехе КИПиА.

— Разумеется, сейчас работать мне сложнее, потому что больше ответственности. В подчинении у меня 4 человека, ежедневно мы обязаны обеспечивать бесперебойную работу на своем участке. Работаем по заявкам технологов, сами обследуем вверенные нам участки. Но желание расти профессионально и интерес к работе всегда придают стимула. На работу я иду с удовольствием, с хорошего настроения начинаю свой рабочий день, — рассказывает о себе Ержан. — Мне повезло быстро «найти себя», потому что было на кого равняться. И хотя работать на АНПЗ изначально я не планировал и это не было моей заветной мечтой, позже я понял, почему мои отец и дяди так привязаны к заводу. Это предприятие — живой организм, и каждый несет ответственность за его непрерывную работу.

Сәрсенбек Елтаев, племянник Урымбасаровых-старших, на заводе работает с 2006 года, сейчас он начальник установки биологических очистных сооружений в цехе очистных сооружений и промканализации.

Жасулан Әлімбатыр — муж дочери Кусаина Урымбасарова. Он оператор технологической установки АТ-2 производства ПНГО, на АНПЗ работает с 2021 года.

— Муж моей сестры **Әділхан Төлеуғалиев** устроился в цех КИПиА прибористом. Он пришел на завод последним из членов нашей семьи, в 2023 году, — рассказывает Гульсим Айтбаева.

Спокойная, уверенная в себе, яркая и улыбкающая, она единственная представительница прекрасного пола семьи Урымбасаровых на АНПЗ. Её мама — родная сестра братьев Урымбасаровых-старших.

— В своих мыслях я готовила себя совсем к другой профессии — хотела стать медиком, — рассказывает Гульсим. — Но родители посчитали, что мой характер не подходит для такой работы, и я поступила на эколога. А в 2004 году, когда мне было 19 лет, я впервые пришла на завод, и ни разу не пожалела. Здесь замечательный коллектив. 18 лет я работала на МОС, потом на водоблоке.

Гульсим — машинист насосной установки. Она обеспечивает бесперебойную работу насосного оборудования, трубопровода, запорной и регулирующей арматуры, фильтров для очистки и

систем автоматического регулирования. Среди её обязанностей — эксплуатация и обслуживание насосных установок, выявление неисправностей, ремонт насосов, трубопроводов, силовых приводов и вспомогательного оборудования насосных установок низкой производительности и др.

— В жизни не думала, что буду работать на заводе, машинистом тем более. Но, когда ты молодой человек и стоишь на перепутье, пытаешься выбрать свою дорогу в жизни, ты вспоминаешь разговоры и наставления умудренных опытом старших родственников. Я с детства хорошо помню, как мои дяди рассказывали про завод, насколько серьезно относятся они к своей работе, они всех нас учили быть ответственными в жизни за любое дело, за которое берешься. Я эти наставления запомнила на всю жизнь, поэтому работу свою знаю хорошо и делаю ее с удовольствием. Когда бывает что-то непонятно, консультируюсь, благо, есть у кого спросить, — улыбается Гульсим. — Дяди и братья помогают не только советом по работе, но и в жизни — делом. У нас большая, дружная и крепкая семья.

Общий стаж работы семьи Урымбасаровых составляет 204 года.

ЭЛЕУМЕТ

Әкімнен алғыс

Атырау өңірінде 15 наурыз күні мемлекет басшысының қатысуымен ұлттық құрылтайдың үшінші отырысы өткен болатын. Екі күнге ұласқан жиында барлық өңірден келген құрылтай мүшелері ел дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын өзекті мәселелерді талқылады.



Құрылтайдың басты міндеттерінің бірі — қоғамның бірлігін арттыру, жалпыұлттық құндылықтарды нығайту туралы ұсыныстарды тұжырымдау және енгізу болып табылды.

Аталмыш құрылтайдың жоғары деңгейде ұйымдастырылуына АМӨЗ ұжымы да ат салысты. Соның ішінде бас директордың жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары Сәлімжан Нақпаев пен қоғаммен байланыс, мемлекеттік органдармен, мердігерлік ұйымдармен жұмыс және өкімшілік мәселелер департаментінің директоры Серік Арыстан өз үлестерін

қосты. Осы орайда Атырау облысының әкімі Серік Шәпкенов ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен Атырау облысында өткен ұлттық құрылтайдың үшінші отырысын жоғары дәрежеде ұйымдастыруға атсалысқаны үшін алғыс білдірді.

Айта кетейік, алғашқы Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы алқалы жиынның әр өңірде өтуі аймақтардың дамуына серпін беретінін айтқан болатын. Соған сәйкес, биыл Ұлттық құрылтай Ұлытау мен Түркістан өңірлерінен кейін шежірелі Сарайшық қаласы орналасқан Атырау аймағында өткізілді.



Коллектив ТОО «АНПЗ» глибоко скорбит вместе с близкими по поводу безвременной смерти нашего коллеги Асылбека Урынбаева.

После окончания Атырауского института нефти и газа, он пришел впервые на завод в 2005 году и устроился в ремонтно-механический цех слесарем по ремонту установок. В 2011-м там же, в РМЦ, занял вакантное место ведущего экономиста, затем перевелся в цех производственно-технического обеспечения.

Асылбек не боялся любой работы, он пробовал свои силы в разных сферах на АНПЗ. В 2016 году он перевелся в КГПН машинистом технологических насосов, а в 2018-м перешел на работу инженером-планировщиком по механическим работам в департамент по управлению ТОО производственных активов.

С 2019 года работал в административном отделе, сначала инженером по учету транспортных услуг, затем до 2022 года был заместителем начальника отдела. После реорганизации департамента по связям с общественностью, работе с госорганами, подрядными организациями и административным вопросам Асылбек заслуженно занял место начальника отдела по работе с госорганами и подрядными организациями. С 2023 года Асылбек Урынбаев руководил администра-



тивным отделом департамента по связям с общественностью, работе с госорганами, подрядными организациями и административным вопросам.

Всегда организованный, с активной жизненной позицией, доброжелательный и открытый — именно таким он был в работе и останется в памяти коллег.

Выражаем самые искренние соболезнования супруге А. Урынбаева — инженеру по грузовой работе отдела по работе с поставщиками нефти и отгрузке нефтепродуктов Нургуль Сагинбаевой.

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

«Жаңа қондырғы іске қосылды»

Дәл осындай атаумен 1997 жылғы 16 қаңтардағы «Новатор» басылымында жарық көрген мақалада ең алғашқы сусабындардың шығарылуына мұрындық болған қондырғының іргетасы қаланғаны туралы айтылады. Осыған дейінгі 80 жылға жуық тарихты еңсерген Атырау мұнай өңдеу зауытының дәл осы қондырғысы жөнінде сөз қозғайтын боламыз.

«Екі апта бойы Индонезиядан келген мамандар «Бекум» компаниясы жеткізген сусабындар өндірісіне арналған жабдықты монтаждауға жұмыс істеді. Мысалы, халықаралық интеграциялық жабдықты «Бекум» компаниясы жасады, ал Индонезияда орналасқан «ИНДО-ЛАВАНЬ» компаниясы контейнерлер, араластырғыштар, адаптерлер және т.б. өндірді.

Жаңа қондырғыны енгізу әртүрлі констeнциялы – желе тәрізді, паста тәрізді өнімдердің номенклатурасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Жөндеу механикалық цехының қызметкерлері А. Брызгунов, С. Бабайцева және «ДИДАР» фирмасының қызметкерлері А. Калачева, В. Литвина, Н. Ныркова, Н. Дубова, М. Шигова және басқа да қызметкерлердің күшімен қондырғы жөнделіп, қысқа уақыттың ішінде пайдалануға берілді. Жұмыс барысында шетелдік мамандар тарапынан ешқандай шағымдар болған жоқ, керісінше кәсіпорын қызметкерлерінің

жоғары біліктілігі мен орындау тәртіптеріне жоғары баға берді», делінген басылымда.

Сонымен қатар Жоламан Есеновтың «Первенец нефтепереработки Казахстана» кітабында да аталмыш қондырғы мен өнімдер туралы біраз ақпараттар сақталған.

Халыққа басқа да тауарлар, атап айтқанда жуғыш заттар қажет болды. Содан кейін зауыт директоры В. Гафнер қажеттіліктерді басшылыққа жеткізді.

Халық тұтынатын тауарлар учаскесінің міндеті-оларға қала тұрғындарының қажеттілігін қамтамасыз ету еді. Жедел іс-қимылдың жетекшісі ретінде учаске бастығының орынбасары А. Гущинді «Кама» сұйық жуғыш затын алу технологиясын зерделеу бойынша Шебекин атындағы беттік белсенді зат институтына іссапарға жіберді. Іссапардан оралған Гущин пайдаланудан шыққан күкірт-қышқыл алкилдеу қондырғысының орнына сұйық жуғыш заттарды дайындау қондырғысының жобасын ұсынды.

Жобалау-конструкторлық бөлімінің бастығы Л. Сарыкалина, табиғатты қорғау жөніндегі бас инженердің орынбасары Г. Яшков, техникалық бөлім

бастығының орынбасары Г. Шашина, басқа мамандардың қатысуымен қысқа уақыт ішінде «Кама» сұйық жуғыш заттарды дайындау бойынша жаңа тораптың

жобасын әзірледі. Ал 1990 жылдың қаңтарында жаңа өнім шығарыла бастады, алдымен оны 200 литрлік бөшкелерге орап, содан кейін ұсақ контейнерлерге қолмен құюға көшті. Зауыт «Кама» сұйық жуғыш заттарды Қазақстанның көптеген қалаларына жеткізе бастады. Тоқсаныншы жылдардан бастап сұйық заттардың әртүрлі түрлерін құю үшін автоматты желілерді қолдану кең таралды. Зауыт 1991 жылы «Толқын» сұйық жуғыш заттарды құю үшін Ташкент өндірісінің автоматты желісің, дәл сол жылы Германияда көбік жуғыш заттар мен сусабындарды құю бойынша тағы екі импорттық автоматты желісін сатып алды. Сол жылы Н. Гущин, А. Калачев «Бекум», «Ме-вис», «Каман», «Цергус», «Бон» фирмаларында жабдықтарды қабылдауды жүзеге асырды.

1992 жылы неміс мамандарымен бірге жол машинасы станциясы мен сұйық жуғыш заттарды құюдың екі желісі орнатылып, «Толқын», «Сукүйғыш», «Веста», «Модена», «Диона» СЖЗ және «Сара», «Алоэ», «Қалақай», «Мая», «Түймедақ», «Мыңжапырақ» сусабындарын өндіру және құю басталды. Зауыт шығаратын жуғыш заттар экологиялық таза өнім болды. Сусабындар әйгілі болгарлық «Ален-Мак» және «Болгар раушаны» фирмаларының компоненттері негізінде шығарылды және 158 шетелдік ең жақсы үлгілерінің қатарында болды. Көптеген генополь, тебетон сынды компоненттер Германиядан сатып алынған.



9 ПОШАГОВЫХ РЕКОМЕНДАЦИЙ ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ В ПЕРИОД ПАВОДКОВ

ПЕРВОЕ – ДЕРЖАТЬСЯ ПОДАЛЬШЕ ОТ ПАВОДКОВЫХ ВОД;

ВТОРОЕ – ДЛЯ НАХОЖДЕНИЯ НЕПОСРЕДСТВЕННО В ПАВОДКОВОЙ ВОДЕ НЕОБХОДИМА ЭКИПИРОВКА

РЕЗИНОВЫЕ САПОГИ



РЕЗИНОВЫЕ ПЕРЧАТКИ



ЗАЩИТНЫЕ ОЧКИ



ТРЕТЬЕ – НЕ ПИТЬ ВОДУ ИЗ

РОДНИКОВ



КОЛОДЦЕВ



СКВАЖИН



В МЕСТАХ ПОДТОПЛЕНИЯ

ЧЕТВЁРТОЕ – НЕ ИСПОЛЬЗОВАТЬ ПОДМОЧЕННЫЕ ПАВОДКОВЫМИ ВОДАМИ ПИЩЕВЫЕ ПРОДУКТЫ, ПО ВОЗМОЖНОСТИ ХРАНИТЬ В МЕСТАХ НЕДОСТУПНЫХ ДЛЯ ГРЫЗУНОВ И ПАВОДКОВОЙ ВОДЫ;

ПЯТОЕ – ИСПОЛЬЗУЙТЕ ДЛЯ ПИТЬЯ И ПРИГОТОВЛЕНИЯ ПИЩИ ТОЛЬКО БУТИЛИРОВАННУЮ И КИПЯЧЕНУЮ ВОДУ



ШЕСТОЕ – ТЩАТЕЛЬНО ПРОМЫВАТЬ ФРУТКИ И ОВОЩИ БУТИЛИРОВАННОЙ ИЛИ КИПЯЧЕННОЙ ВОДОЙ;



СЕДЬМОЕ – ТЩАТЕЛЬНО МЫТЬ РУКИ С МЫЛОМ ИЛИ ОБРАБОТАТЬ ИХ АНТИСЕПТИКОМ;



ВОСЬМОЕ – ИЗБЕГАТЬ КОНТАКТА С ЖИВОТНЫМИ (И ИХ ТРУПАМИ), НЕ ТРОГАТЬ ИХ РУКАМИ;



ДЕВЯТОЕ – ПРИ НАЛИЧИИ ПРИЗНАКОВ ИНФЕКЦИОННЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ (ПОВЫШЕНИЕ ТЕМПЕРАТУРЫ, ТОШНОТЫ, РВОТЫ, ЖИДКОГО СТУЛА, БОЛЕЙ В ГОРЛЕ, СЫПИ И ДР.) НЕОБХОДИМО НЕМЕДЛЕННО ОБРАТИТЬСЯ ЗА МЕДИЦИНСКОЙ ПОМОЩЬЮ.



Разработано службой БиОТ ТОО «АНПЗ»



«AMÖZ alemi» басылымы №8.
26 сәуір 2024 жыл.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«AMÖЗ» ЖШС, Қабдолов к-сі, 1
тел.: 8 (7122) 25-95-84.

Газет «Полиграфсервис» ЖШС
баспаханасында басылды.
Орал қ., Л. Толстой к-сі, 27/6.
Байланыс нөмірі:
50-51-46, 51-41-99.
Тиражы: 1500 дана.
Тапсырыс №4.

БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ
бастығы – Ш. Какимжанова.
Caspian News ЖШС:
жетекшісі – К. Кертаев.
Редакторлар – И. Козонова,
А. Қабдешова.
Суретке түсіруші – Б. Амантаев.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде 2024 жылғы
23 ақпанда тіркеліп,
тіркеу туралы
№КЗ18ВПУ00088072
күәлігі берілген.

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен
хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

AMÖZ alemi